

Қордай ауданының
әкімі Б.Болатбековке

Құрметті Бегзат Сейсенқұлұлы!

Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2024 жылының жоспарына сәйкес кеңес отырысында Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан аудан әкімдігінің жер қатынастары, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын және аудандағы ауылшаруашылық мекемелерін сумен қамтамасыз ету мәселелерін зерделеу жұмыстары жүргізіліп нәтижесі қаралды.

Аудан әкімдігінің жер қатынастары, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын одан әрі арттыруда қоғамдық кеңес тарапынан бірқатар ұсыныстар тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қабылдау, тіркеу, оны уақытылы қарау кезінде «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексіне сәйкес жүргізілуін бақылауға алуды, жолданымдарға жауап беру өтініш иесіне жауапқа қанағатанбаған жағдайда әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым беруге және осы Кодексте белгіленген тәртіппен қайта жолданым беруге құқықтары міндетті түрде жазылуын қадағалауға алу тапсырылды. Жолданымдарды тиісті ақпараттық жүйелерге («Е-Өтініш») уақытылы тіркелуін және аталған жүйе арқылы оған жауап берілуін бақылау ұсынылды.


Сонымен қатар, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің Қағидаларын, ауыл тұрғындарына ыңғайлы нысанда орналастыру, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына оқытуды ұйымдастыру, мерзімін бұзу фактілерін алдын алу, қызмет көрсету бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруына жол бермеу, мемлекеттік қызметтерді көрсетуге арналған ақпараттық жүйелердің үздіксіз жұмыс істеуін бақылауға алу, әуре – сарсаңға, бюрократтыққа және қызмет алушылардың арасында шағымдануға жол бермеу мақсатында – мемлекеттік қызмет көрсетудің электронды үлесін арттыру тапсырылды.

Аудандағы ауылшаруашылық мекемелерін сумен қамтамасыз ету мәселелерін зерделеу жұмыстары бойынша аудан шаруа қожалықтарын жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз ету үшін тиісті іс-шаралар қабылдау және ауыл округі әкімдері мен аудан әкімдігінің ауылшаруашылығы

бөлімімен бірге сумен қамтамасыз ету мәселелері бойынша тығыз байланыста жұмыс атқару ұсынылды.

Зерделеу жұмыстарының нәтижесімен аудандық кеңес нақты шешім қабылдады.

Қордай аудандық
Қоғамдық кеңесінің төрайымы

 Б.Қарамолдаева